

**"Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын келісу" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 02-01-02/184 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 желтоқсанда № 8247 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 наурыздағы № 04-2-4/56 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 29.03.2014 № 04-2-4/56 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын келісу» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Мемлекеттік қызметті өткеру бөлімі (М.Ы. Өтешев):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік қызметті өткеру бөлімінің меңгерушісі М.Ы. Өтешевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

*А. Байменов*

Қазақстан

Республикасы

Мемлекеттік

қызмет

істері

агенттігі

Төрағаның

2012

жылғы

27

желтоқсандағы

№

02-01-02/184

бұйрығымен

бекітілген

# **«Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын келісу» мемлекеттік қызметінің регламенті**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын келісу» мемлекеттік қызметінің осы регламенті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 1687 «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы» қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын келісу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес әзірленді.

2. Осы Регламентте мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік қызмет – Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігімен (бұдан әрі – Агенттік) көрсетілетін, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын келісу бойынша мемлекеттік қызмет;

2) мемлекеттік қызметті алушы – мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру саласында білім беру құқығын растайтын құжаты бар білім беру ұйымдары.

3. Мемлекеттік қызметті көрсетуші орган атауы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (Астана қаласы, Абай даңғылы, 33а).

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы № 280 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі туралы ережесі және Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1457 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесі негізінде көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларына (бұдан әрі – бағдарлама) келісім берілгенін растайтын хат-келісім не мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты қамтитын хат болып табылады.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

7. Мемлекеттік қызмет Агенттік ғимаратында көрсетіледі. Ғимарат режимі: ғимаратқа кіру алдын ала жазылу бойынша жүзеге асырылады. Ғимаратта тәулік бойлы күзет бекеті, өртке қарсы дабылқаққыш және басқа да қауіпсіздік шаралары бар.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат Агенттіктің [www.kyzmet.kz](http://www.kyzmet.kz) интернет-ресурсында орналасқан, сондай-ақ мына телефондар бойынша беріледі: 8 (7172) 75-35-34, 75-35-85.

Агенттіктің жұмыс кестесі: сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, жексенбі, демалыс және 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі мен «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңымен бекітілген мереке күндерінен басқа күндері көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері Стандарттың 7-тармағында көрсетілген.

11. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың толық емес топтамасын ұсынуы негіз болады.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1 кезең – білім беру бағдарламаларын келісуге жолдаған білім беру ұйымының хатын тіркеу;

2 кезең – мемлекеттік қызметті алушымен берілген осы регламенттің 12-тармағында көрсетілген құжат топтамасын мемлекеттік қызметті көрсетуші тұлғаның пәнге сәйкестігін қарастыруы;

3 кезең – білім беру бағдарламаларын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына (бұдан әрі – Академия) ғылыми сараптамаға жолдау;

4 кезең – білім беру бағдарламаларының пәнге сәйкестік комиссиясының қорытындысы;

5 кезең – білім беру бағдарламаларына келісу нәтижесін жіберу.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде әрекет (өзара әрекет) тәртібінің сипатталуы**

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар Агенттіктің кеңсесіне тапсырылады немесе осы регламенттің 3-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша поштамен жолдау арқылы жіберіледі.

14. Мемлекеттік қызметінің нәтижесі мемлекеттік қызметті алушыға хат

қолма-қол немесе пошталық мекенжайына жіберіледі.

Агенттікпен келісілген бағдарламалар келісілген күннен бастап бір жыл ішінде күшінде болады.

15. Әр әкімшілік іс-қимылдың (рәсімдердің) орындалу мерзімі көрсетілген әр ҚФБ-нің әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) бірізділігі мен өзара іс-әрекетінің мәтіндік сипаттамасы осы регламенттың 1-қосымшасында келтірілген.

16. Функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

«Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын келісу» регламентіне 1-қосымша

### 1-кесте. ҚФБ әрекетінің сипаттамасы

№	ҚФБ атауы	Рәсім	Мерзімдер	Құжат
1	Агенттік: кеңсе	Құжаттарды қабылдау	1 жұмыс күні	
2	Агенттік: орындаушы	Академияға сараптамаға жолдау	2 жұмыс күні	
3	Академия: орындаушы	Талдау жүргізу, қорытынды дайындау, Қорытындыны Агенттікке жолдау	20 күнтізбелік күн	
4	Агенттік: орындаушы	Келісім не дәлелді бас тарту хатын дайындау	2 жұмыс күні	мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларына (бұдан әрі – бағдарлама) келісім берілгенін растайтын Агенттіктің ресми бланкідегі келісім-хаты немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді мазмұнды жауабы бар хат.

«Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын келісу» регламентіне 2-қосымша

**«Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын келісу» мемлекеттік қызметінің процесі**

